


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Элис Манроның «Вандалдар»
туындысындағы баяндау тәсілдері





Мақсаты: Кэрри Доусонның Элис Манроның «Вандалдар» әңгімесіне жасаған талдауын қарастыру.

Тірек сөздер: таксидермия, жануарлар, табиғат, зорлық, балалар.

«Әдебиет теориясы» антологиясын құрастырушылар Джулия Ривкин мен Майкл Райан сіздерге Кэрри Доусонның Элис Манроның «Вандалдар» атты әңгімесіне жасаған талдауымен танысуды ұсынады.

Кэрри Доусон – Далхаузи университетінде ағылшын тілінен дәріс береді, «Далхаузи Ревью» журналының редакторы. Доусон миграция және азаматтылық мәселесіне арналған әдеби туындыларды зерттеуде мамандандырылған.

Кэрри Доусонның сөзінше, Элис Манро – қазіргі заманның ең күрделі жазушыларының бірі, өзінің «Вандалдар» әңгімесінде біздің мәдениет пен табиғат арасындағы шегара туралы түсінігімізді күрделендіріп жіберген. Манро жан-жануарлардың жансыз тұлыпы метафораларын пайдаланып, адам баласы табиғатқа физикалық, әрі тәндік тұрғыдан қиянат жасайтынын оқырмандарға жеткізуді мақсат етеді.

Таксидермия (жануарлардың жансыз тұлыпын жасау тәсілі) – баяндау өнерінің бір түрі. Жануардың денесі – диораманың бір бөлігі ма, жоқ па, екеніне қарамастан, таксидермия адам мен жануарлардың арасындағы өзара әрекетке сипаттама береді. Бірақ таксидермиялық диорама басқа оқиғаны сипаттауы да мүмкін.

Элис Манроның «Вандалдар» әңгімесінде табиғаттың бейкүнәлығы мен пәктігін баяндау мақсатында ұйымдастырылған таксидермиялық көрме – шын мәнінде мүлдем басқа мақсатты көздейтіні туралы айтады. «Вандалдар» әңгімесіндегі таксидермиялық диорама жануарлар өмірі идеализацияланып көрсетіледі. Адам баласы осы идеалды ұмытып, жануарлардың терісін сыдырып, бос тұлыпын жасап, табиғаттың бейнесі ретінде қолдануды әдетке айналдырып алған. Бұл – біздің табиғатты «бейкүнә» деп қарауымыздың кесірі. Диорама бізге «табиғилықты» зерттеп, түсіне алмайтындығымызды дәлелдей түседі.

«Вандалдар» әңгімесі хат жазудан басталады. Басты кейіпкер Бу Дид бір кездері «Мұң» көшесінде өсіп-жетілген кішкентай қыз, бүгінде жас әйелге айналған Лиза есімді қызға хат жазады. «Мұң» – бұл үй мен қожалықтың аты, біркездері Би онда әлдеқашан марқұм болып кеткен Лэднер екеуі тұрған-ды. Би Лизаға Лэднер ауруханаға түскенде, олардың үйіне қарап жүргені үшін алғыс айтқысы келеді. Бірақ хатты сол күйі Лизаға жібермей қояды. Оның орнына Би ойша қиялға батады. Міне, Бидің қиялы әңгіменің бірінші тарауына сюжет болып табылады.

Қиялға батып, Би қожалықта біркездері қыдырғанын есіне алып, мұңға батады. Қожалықтағы қыдырып жүріп, Би жан-жануарлардың жансыз тұлыптарының арасынан өтіп, олардың кейбірі тіпті «тірі» секілді жасалғанына назар аударады. Мәселен, шыныдан жасалған қаптаманың қасындағы тірі аққулар мен қанаттарын кең жайған бүркіттің, ақ және сұр түсті жапалақтардың жансыз тұлыпын көзге елестетеді. Қожалықта жансыз тұлыптар арасында ұшып жүрген тірі құстар да болатын. Құстардың аяқтарына олардың шыққан жері мен азығы латын әріптерімен қағазға жазылып, ілініп қойылған еді.

Іші сабанға толтырылған жануарлардың тұлыптары жергілікті сипатта, сондықтан Лэднердің таксидермиялық бағы Онтарио ауылдық аймағын бейнелейді. Бақша ішіндегі жануарлардың аяқтарына ілінген жазбалар – табиғат пен мәдениет, сондай-ақ табиғилық пен жасандылық арасындағы айырмашылықты білдіріп тұрғандай. Лэднердің бағындағы тақтайшаларда ондағы құстар мен жануарларға сипаттама берілген, оған қосымша Лэднер мынадай жазулар жазып, іліп қояды: «Табиғат өздігімен ештеңені жайдан жай тудырмайды» (Аристотель), «Табиғат бізді ешқашан алдамайды, керісінше, біз өзіміз алданудамыз» (Руссо).

Бір жағынан, бұндай тақтайшалар баққа келушілерге табиғатты «тануға» мүмкіндік береді. Сонда осы бақ – адамзаттық шыншылдықтың ғибадатханасы, өтірік жоқ пәк мекен ретінде суреттеліп отыр. Екінші жағынан, жануарлардың жансыз денелерінен реалистік тұлыптар жасап, тамашалап келгендерді ғана емес, өздерін де алдап жатыр. Бірақ Би осы кереғарлықтарды көрмейтін сияқты. Әңгімедегі оқиға Бидің басқаға ғана емес, тіпті, өзіне де ашып айтпайтын шындығын оқырмандарға жеткізгісі келіп тұр: Лэднер – шын мәнінде педофил болған.



Таным

Джеймс Кинкейдтің айтуынша, «педофилия» туралы білімді беретін нәрсе шын мәнінде таным деп аталады. Таным бізге надандыққа ақыл деп қарауға мүмкіндік береді (1). К. Доусон Манроның педофилия мәселесін сөз етпегенмен, оның «Жария құпиялар» («Вандалдар» әңгімесі жарияланған) жинағы автордың педофилия тақырыбына қызығушылық танытқанын дәлелдейтінін айтады. Педофилия тақырыбын – Кинкейд «таным», яғни «адамдардың білгісі келген және күткен нәтижесі» деп атаған. «Вандалдар» әңгімесінде Манро таксодермиялық баққа тән кереғарлықтар мен зорлықты, адамдардың педофилия туралы білгісі келетінін сипаттау үшін қолданады.

Бидің қожалық ішінде қыдыруы – табиғатты денсаулық пен тазалық көзі, әлеуметтік қатынастардың үлгісі екендігі туралы дискурсқа сүйенеді. Би жануарлар әлемін – адам баласының өтірігі мен жаман ниетінен қорғану ортасы деп суреттегенде, біз осы жануарлар әлемін өзіміздің адами қажеттіліктеріміз арқылы көреміз.

Таксидермист бола тұрып, Лэднер айлакер өтірікші болып саналады. Таксидермия – өнердің реалистік формасы болғаны секілді, Донна Харауэйдің ойынша, таксидермияны – дәстүрлі түрде шындықты реалды заттардың денесіне орналастыру тәсілі деп те қарауға болады. Өзінің «Доқба аюдың патриархаты» атты кітабында Харауэй таксидермия мен ақиқаттың түсініктемесі арасындағы байланысты түсіндіреді. Таксидермия – реализмнің эпистемиологиялық және эстетикалық өнері болып саналады. Бұл өнердің күші магиялық әсерінде көрінеді: ауырлық келтіре отырып, жасалған нәрсе – ешқандай күшсіз жасалған дүние секілді. Реализм – көзқарас емес, «джунглийге көз тастап, әлемді көру» (2).

Лэднердің «табиғат туралы шындықты айтуға» талпынысы сыртқы қоршаған ортаның әсерінен күшейе түседі. Оның бақшасы «табиғат туралы шындықты айту» үшін жаралған, бірақ ол бұзылуларды жасырып тұр.

Манроның «Жария құпиялар» атты жинағындағы «адамдар білгісі келгенді мойындамау» деген сөзін ескере отырып, біз «Вандалдар» Би білетін мәселеге негізделгенін көреміз. Би өзін «жасанды», «бояма дауыспын» деп суреттейді. Бұл оның Лэднер не айтса да, онымен келісетінін, бірақ шын мәнінде білетінін көп екенін білдіреді. «Жария құпиялар» жинағындағы «Қызығушылықтар» әңгімесінде Би шындықты «керек жерде ұмытып қалу» қабілетінің бар екенін мойындайды.

Табиғат

Бидің «танымы» оның табиғатқа деген көзқарасында жасырынған. Мәселен, Би «өзін-өзі алдау – оның табиғатынан бар қасиеті екенін, көп жылдар бойы жақсы іс-әрекеттер жасап жүрсе де, оның осы бір қасиеті сол күйі өзгермегенін» айтады. Лэднердің ирониялық іс-әрекеттері мен дәрекілігін сипаттау үшін Би өзін «жоғарыдан төменге қарай кесіліп тастаған терімін» деп суреттейді. Былайша айтқанда, ол өзін терісі кескіленген жануарға теңейді.

Бидің аңқаулығы мен оның табиғат әлеміне деген көзқарасы арасындағы байланыс жасөспірім мен «жыртқыш аңдардың» арасындағы метафоралық байланыс сияқты. Лизаға жазған хатында Би Лизаға қожалықтың дарбазасының алдына отырып, үйді «жыртқыш аңдардан» қорығаны үшін алғыс айтады. Бұл жерде ол Лизаны жасөспірім деп суреттеп тұр. Шын мәнінде, қараусыз қалған қожалықтағы үйге сырттан екі жасөспірім көз тігіп жүреді: біреуі Лиза, екіншісі оның күйеуі Уоррен. Олар үйдің ішіндегі жиһазды сындырып, жануарлардың бос тұлыпын жерге лақтырып тастайды. Үйді әбден шашып болып, кетуге ыңғайланғанда, Уоррен әйеліне «терезені сындырайық, бала кіре алатындай тесік қалдырайық та, Би вандалдардың қолында кілті болмай, үйге осылай кірген деп ойлап қалсын» деген ой тастайды. Екеуі терезені сындырады. Сосын Уоррен тақтайшаларды шегелеп қағып: «Сырттағы жануарлар ішке кіріп кетпесін» дейді. Бидің хатта жасөспірімдерді «жануар» деп суреттеуі – оның бәрін білетінін, бірақ хатты адресатқа жеткізбей, сол күйі құпия күйінде қалдырғанын көрсетеді. Би «бұзылған үй» вандалдар кірген сияқты көрінеді деген сөздері – оның кез келген зомбылықты қолдайтынын дәлелдейді.



Уильям Кронон бақтың басқа бір бөлігін іске қосатын уақыт келді деп жазады (3). Манро оған дәлелді «Вандалдар» әңгімесінен келтіреді. Екі автор да біздің адамнан бөлек әлемді көру үрдісіміз – біздің өзіміздің тілегіміз бен қажеттілігімізді көре алмауымызды көрсететіне келіседі. Біз адамдардан басқа әлемнен қорықпаймыз. Би адамнан тыс әлемді – шынайылық пен түпнұсқалық әлемі деп танитыны осыдан болса керек.

Егер педофилия – «Вандалдарда» жария құпия болып сипатталып тұрса, оны солай етіп тұрған қасиет – таксидермиялық диорама. Лэднердің бағы көпшілік таксидермиялық көрмелер секілді табиғатпен тұлғаның арасында жалпылық бар екенін дәлелдеуге бағытталған. Таксидермиялық көрме – денелерді бұзу мен басқару туралы әңгіме деп оқуға болады. «Вандалдарда» денелердің эстетикалық орналасуы мен идеалды бейнелерді таңдауы – дене бұзылысының ерекшелігін сипаттайды.

Әңгіменің екінші бөлігінде Лиза «Мұң» қожалығында суға шомылып жатқанда орын алған оқиғаны есіне түсіреді. Ол жапалақтар мен бүркіттердің жанынан, тіпті, шынылардың қасына да өте шығады. Жансыз тұлыптар арасында жүріп, Лиза рухани қиналады. Өлі құстардың шабуылы Филомея туралы мифті еске түсіреді. Филомея – зорлық құрбаны, зомбылықтың нәтижесінде тілсіз құсқа айналып кете береді.

Лэднер өзінің қалауына қарай адамның пікірін өзгерте алатын қабілеті бар. Сондықтан бақ Лэднердің қоршаған ортаны бақылауға деген тілегін білдіріп тұр. Бақша туралы мақаласында шотланд ақыны Ян Гамильтон Финлея Сьюзан Стюарт «бақшаны құра отырып, біз оның ішінде өмір сүретін тірі жануарларды ойша елестетеміз, сөйтіп форманы өзгертеміз» – деп жазады. Сонда бақша өмірді реттеудің басқа да тәсілдерімен байланысып тұр: әлеуметтік уақыт пен кеңістікті кодтау және ғұрыптау, саяси тәртіп пен әлеуметтік иерархияны қалыптастыру (4). Лэднердің бағы негізінен, жансыз өлі заттардан тұрады, сондықтан ол өмірді уақытпен ғұрыптай отырып, «реттейді» (5). Лэднер балалардың есеюі мен ақыр соңында оның бақшасынан кетіп қалуына кедергі келтіре алмайтындықтан, оның таксидермиялық бағын қиялды ұстап тұруға тырысу, түрлер арасындағы байланыс пен қарым-қатынас символы ретінде түсінуге болады.

Таксидермистердің ежелден келе жатқан дәстүрі бар. Олар канадалық Эдем бағын қайта жандандыруға талпынды. Джордж Колписсттің айтуынша, таксидермистер Эдем бағының табиғи берекетін құруда маңызды рөл атқарған. Таксодермистер Эдем бағын 1890–1914 жылдар арасында Канадаға иммигранттарды шақыру үшін жарнама ретінде пайдаланған. Бүкіл әлемнің жаратылыстану тарихи мұражайларында жабайы табиғаттың көріністерін көре аламыз. Сонымен қатар, жабайы табиғаттың көрмелері жылжымалы түрде АҚШ пен Еуропаға жіберіліп отырған. Мәселен, Иммиграция істері бойынша федералды инспектор құстар мен енекелер салынған торды қаптап, әртүрлі еуропалық офистерге «Канадада осындай кереметтер бар» деп көрсету мақсатында жөнелтіп отырған. Канадалық енекелердің XIX басындағы жай-күйін ескерсек, енекелердің тағдыры өте аянышты болды. Сондықтан енекелерді Канаданың жабайы табиғатының символы ретінде көрсету орынды емес еді. Таксидермиялық суреттерде жарнамаланған канадалық берекеттілік 1980 жылдары батыстық канадалықтар ет пен азық-түліктің тапшылығына байланысты қиындыққа ұшыраған кезінде, жойылды.

Лэднердің бағы – күнәға дейінгі, эдемдік әлем символы ретінде қабылданды, себебі онда бүркемеленген заттар көп еді. Лэднер әртүрлі жануарлардың терісін қатты тартып, қуыршаққа айналдырды. Құстардың денесінде ағаштан ойып жасалған мүшелер болса, ірі жануарлардың денелерін сымдар мен папье-маше және топырақпен толтырды.

Донна Харауэйдің дуализм туралы пікіріне сүйене отырып, Манро жануарларды – киборг-жаратылыстар деп суреттегенін байқауға болады. Киборг-жаратылыстар – әрі жануарлар, әрі машина секілді, әлемді табиғи және жасанды жолмен толықтырып тұр. «Киборгтың денесі – пәк емес», әрі бақша ішінде дүниеге келмегендіктен, ол біздің тірі табиғатымызға жат. Бұл – табиғатта технология болмайтынын дәлелдейді. Лэднер киборг-жануарларды табиғат пен технология – әртүрлі құбылыстар екенін дәлелдеу үшін пайдаланған. Манро адамдар адамнан тыс әлемнің белгілі бір өзіне тән бейнесі болатынын жазады.

Лэднердің бағындағы жануарлардың жансыз тұлыптары, ұсқынсыз бас сүйектері мен терісі «Мұң» атты қожалықты күнәға дейінгі, пәк, пасторалды әлем деп сипаттауы утопиялық сипатта екенін дәлелдеп тұр.



Егер таксидермиялық бақшада жануарлар – эстетикалық дене ретінде суреттелсе, Манроның пластиктен жасалған тұрбаға ұқсайтын ішектері, көз жанарлары, қақталып кеткен терілері дискретті денелерді сипаттайды (Десмонд).

«Жыртқыштарды бейнелеу: жануарлар, сәйкестендіру және шығармашылық» атты кітапта Стив Бейкер жануарлардың денесі табиғаттан шығарылып, бейне ретінде сақталып, жануарларды символ ретінде қарастырудан алыстауымыз керектігін жазады (7). Манро осыған ұқсас пікірді келтіреді, яғни ол да Лэднер секілді өз бақшасында жануарларды ойдан жасағанын айтады. «Вандалар» әңгімесіндегі жануарлар – кейіпкерлердің символы ретінде сипатталған.

Зорлық

Әңгімеде жануарлардың бейнесін символдар ретінде суреттелгені туралы көптеген мысалдар келтіріледі: «Лэднермен бетпе-бет кездеспегенің жөн, әйтпесе ол сені жансыз тұлыптар жасаған жануарларды қалай алдаса, дәл солай алдап соғары хақ...»; «Лиза мен Кенни жылдам үйреніп алады «оларға көп нәрсе айта берме, себебі, олар таксидермиялық бақшадағы өлі жануарлар сияқты үнсіз отырып, миға тоқып отырады». Балаларды жануарлардың тұлыптарына теңеу Манрода күрделеніп көрінеді: Би «өз-өзіме қалың орман сияқтымын»; Лиза Лэднердің жануардың терісі құсап, еті мен терісі бір-бірінен ажырап барып, жерге сылқ түсіп құлағанын еске түсіреді. Манро оқырманға Лэднердің жануарлардың өлі денесінен тұлып жасағаны оны да жыртқыш сияқты ететінін айтады. Лэднерді таксидермиялық жануармен салыстыра отырып, Манро педофильдерді де жануарлар деп қарау керек деген пікір тастайды.

ДжеймсКинкейдбалалардыңжыныстықболмысытуралысөзетудіұятсанау–педофилияның өршуіне әкеп соқтыра береді. Балалар арасындағы махаббатқа немқұрайлылық, оны елемеу–романтикалық дәуірді сағыну – көптеген ақындар, прозаиктер мен философтардың пәк, күнәсіз сәбидің бейнесін суреттеуге талпындырды.

Манро бала мен ересектерді, адам мен жануарды, табиғат пен мәдениетті поляризацияламайды. Бірақ поляризациялаудың салдары қандай болатынын ескертеді. Ол табиғат пен мәдениеттің байланысы «мәдениеттің натурализациясы» деп аталатынын, табиғи категориялар адамдарды басқаратынын жазады. Балалардың күнәсіздігін ересектердің сексуалдылығының оппозициясы деп көрсете отырып, біз балалардың денесіне қауіп төндіреміз.

Лэднердің бақшасындағы ережелер («Шегараны бұзбау», «Аң аулауға тиым салынады», «Кіруге тиым салынады»), сондай-ақ «Табиғат өздігімен ештеңені жайдан жай тудырмайды» (Аристотель), «Табиғат бізді ешқашан алдамайды, керісінше, біз оларды алдаудамыз» (Руссо) секілді цитаталар – кездейсоқ емес. Бұл ескертпелер оқырманға қарсылық секілді. Аристотельдің «Табиғат өздігімен ештеңені жайдан жай тудырмайды» деген тұжырымы бізден материалды және метафоралық табиғатты қолдануға сыни көзбен қарауды талап етеді. Руссоның цитатасы бізді «табиғи әлем – ақиқатты сақтаушы орын» еместігін дәлелдеп тұр. Бидің табиғатқа сыни көзқарасы, Лэднердің жануарлар әлемін Эдем туралы арманын жүзеге асыру үшін пайдалануы – бір-біріне қарама-қайшы қойылған мәселелер. Би мен Лэднер сияқты осы жоғарыдағы екі цитатада жасырынған «шақыруды» елемеуіміз мүмкін. Бірақ осы «шақыруды» қабылдау үшін бізге Гераклиттің мына пікірін еске алу керек болады: «Табиғат жасырынғанды ұнатады». Алдымен, педофилия туралы ойлауға бола ма, жоқ па, осы мәселенің басын ашып алу керек. «Менің айтқандарымды оқыдыңыздар ма?» – дейді Манро... Осы фразасымен оқырмандарға сұрақ қойып, толғандырып, Кэрри Доусон өзінің эссесін аяқтайды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Элис Манроның «Вандалдар» әңгімесіндегі жануарлардың жансыз тұлыптары ненің символы болып табылады?



2. Кэрри Доусон таксидермия мен балаларға зорлық көрсетуді бір-бірімен қалай байланыстырып қарайды?

Әдебиеттер

1. Kincaid James R. Child-Loving: The Erotic Child and Victorian Culture. – New York and London: Routledge, 1992.
2. Haraway Donna. Teddy Bear Patriarchy: Taxidermy in the Garden of Eden, New York City, 1908-1936//Cultures of Unites States Imperialism. – Durham: Duke UP, 1993.
3. Cronon William. The Trouble with Wilderness: or, Getting Back to the Wrong Nature. – Uncommon Ground, 69-90.
4. Stewart Susan. Garden Agon//Representations, 1998. – № 62 (Spring).
5. Simpson Mark. Immaculate Trophies//Essays on Canadian Writing, 1999. – № 68 (Summer).
6. Desmond Jane C. – Staging Tourism: Bodies on Display from Waikiki to Sea World. – Chicago and London: University of Chicago Press, 1999.
7. Baker Steve. – Picturing the Beast: Animals, Identity, and Representation. – Manchester and New York: Manchester University Press, 1993.